



# АЛАТАУ

## Ардагері

Үлкендер жолы – ұлық!



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№27(37) 5 шілде 2024 жыл

### Сүйінші

## АЛҒЫС ХАТ ТАПСЫРЫЛДЫ

Алматы облысының әкімі Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиев өңірдің экономикасының жан-жақты дамуы, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, білім мен денсаулық саласының жұмысын дұрыс жолға қою мақсатында бірқатар кешенді шараларды жүзеге асыруда. Сонымен қатар қоғамдық ұйымдардың әсіресе облыстық ардагерлер ұйымының жұмысына қолдау көрсетіп, тиісті қамқорлығын жасауда. Бұл орайда «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арқашан зиялы қауымның оның ішінде ардагерлердің, ақсақалдардың маңызды рөл атқаратынын атап өткен болатын Облыс басшысы Марат Елеусізұлы да ғұмыры ғибратқа толы ардақты ардагерлердің жүріп өткен жолы – өнеге мен тағылым мектебі екендігін айтып, қариясы

қадірлі қоғамның ырысы мен табысы мол деп біледі. Ол үнемі облыстық ардагерлер ұйымының жұмысын жандандырып, ардагерлеріміздің жан-жақты әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етіп, қолдан келгенше әдістемелік көмек көрсетіп келеді. Осыған байланысты Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Бақтығожа Салахадинаұлы Ізмұханбетов Алматы облысының әкімі Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиевке арнайылап Алғыс Хат тапсырған еді. Онда былай деп жазылған:

**Құрметті Марат Елеусізұлы!**  
Алматы облысының басшысы ретін-

де аға ұрпақ өкілдері-ардагерлерге айрықша қамқорлық көрсетіп келесіз. Сіздің үлкен қолдауыңыздың арқасында бүгінде Алматы облысының ардагерлер ұйымы жастарға тәлімді тәрбие, өнегелі үлгі көрсету мақсатында біраз ауқымды шараларды жүзеге асыруда. Облыс ардагерлеріне жасаған қамқорлығыңыз үшін «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі шынайы алғысын білдіреді.

Сізге және туған-туысыңыз бен жақындарыңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін. Әрдайым жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын»

Марапат құтты болсын Марат Елеусізұлы!

**Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,**  
Алматы облысы ардагерлер ұйымының төрағасы.

### ЖАҢАЛЫҚТАР - ВЕСТИ

## Алматы облысында 1400-ге жуық шақырым жол тексеріледі



«ЖАСҰО» Алматы облыстық филиалының мамандары биыл 1400 шақырымға жуық жолды тексерістен өткізбек. Жалпы диагностикалау жұмыстары 21 жол учаскесінде жүзеге асады. Инженерлер жыл басынан бері 142 рет жолға шығып 137 республикалық, 5 жергілікті маңызы бар жолдарды тексерді. Алматы облысы бойынша жыл басынан бері 341 керн алынған. Оның 168-і республикалық, 173-і жергілікті маңызы бар жолдардан алынған сынама.

«Бірінші кезекте тапсырыс берушімен ойнатылатын конкурсты ұтып алатын техникалық қадағалаушы ұйымдармен күнделікті бақылау жүргізіледі. Ал ЖАСҰО Автомобиль жолдары комитеті және Қазавтожол ҰК-мен бекітілген республикалық жолдар бойынша кестеге сәйкес жол сапасын бақылау жүзеге асырылады. Оның ішінде құрылыс, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстарында қолданылатын материалдардың сараптамасы және ағымдағы, күтіп-ұстауға қадағалау жасалады» — дейді «ЖАСҰО» Алматы облыстық филиалының бөлім басшысы Қанат Хамитжанов.

### От жары все горит

Под Алматы загорелись поля, передает корреспондент Tengrinews.kz. Видео с места происшествия появились в социальных сетях. Огромные клубы дыма окутали местность.

«28 июня 2024 года, в 11:09, на линию 101 пункта связи ПЧ-8 села Отеген батыр поступило сообщение о загорании травостоя по адресу: Илийский район, неподалеку от комплекса «Гейт Сити». По прибытии на место происшествия установлено, что произошло загорание сухой травы. Угрозы населенному пункту и близлежащим строениям не имеется», - сообщили в пресс-службе ДЧС Алматинской области.



Жертв и пострадавших нет. Площадь пожара на данный момент устанавливается. Возгорание уже локализовано.

В тушении задействованы 15 сотрудников и 3 единицы техники ДЧС Алматинской области, 15 человек местных исполнительных органов и 3 сотрудника ДЧС города Алматы, а также 8 единиц техники.

## Алматы облысының түлегі ҰБТ-дан 140 балл жинады

Sputnik. Талғар ауданы Қарабұлақ ауылының 22 орта мектебінің оқушысы Жаннұр Еңсебек ұлттық бірінғай тестілеуден 140 балл жинады.



«Жаннұр аудандық, облыстық олимпиадаларға жиі баратын. Жүлделі орындар алып жүрді. 140 балл алдым деп ең бірінші маған хабарласқанда «Осындай да ғажап қуаныш болады екен-ау» деп қатты толқым. Өзім бастауыш пәні мұғалімімін, әкесі инженер, қарапайым отбасымыз. Жаннұр болашақта IT маманы болсам, Қазақстанға үлесімді қосқан азамат болсам деп армандайды», - дейді анасы Жанар Әубәкірова.

Жаннұр информатика және математика пәндерін таңдаған. Ұлттық бірінғай тестілеуге оныншы сыныптан бастап дайындалған.

«Қандай балл жинаймын, ата-анамның, ұстаздарымның үмітін ақтай аламын ба деген қорқыныш болды. Қаңтар айында ҰБТ-дан 121 балл, наурыз айында 137 балл жинадым. Соңғы тестілеуден 140 балл бұйырпты» - дейді Жаннұр Еңсебек.

### Аудандық ардагерлер ұйымында

## АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР БАР

Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымында 2024 жылдың екінші тоқсанында біршама жұмыстар атқарылғаны анық.

Нақтырақ айтар болсақ, жалпы аудандық сенбілік жұмыстары аясында «Сарыбай би» саябағын көгалдандыру мақсатында ағаштар отырғызылды. Аталған шараға ардагерлер ұйымы, мекеме басшылары, қоғам белсенділері, сол сияқты аудан жастары да белсенді қатысты. Қатысқан адам саны-150.Тазалық жұмыстары аясында жұмыстар жалғасатын болады.

2024 жылдың 9-сәуірінде Қонаев қаласындағы Мәдениет үйінде «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалы өкілдерінің ұйымдастыруымен «Алатау жастары» жастар ұйымының «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!», «Біз біргеміз!» атты форумы өткізілді. Форумда аудан, қала ардагерлер ұйымдарының төрағалары, жастар өкілдері болды. Ол шараға Жамбыл ауданынан 7-адам қатысты.

Ағымдағы жылдың 4-сәуірінде Үңгіртас ауылында аудандық ардагерлер ұйымы басшыларының ұйымдастыруымен Үңгіртас ауылдық ардагерлер кеңесінің отырысы болып өтті. Осы шара барысында Үңгіртас ауылдық ардагерлер кеңесінің төрайымы болып Асылбекова Күлшар сайланды. Бұл отырыста ауыл ақсақалдары мен ауыл тұрғындары бір ауыздан шешімге келіп, қолдау көрсетті. Отырыс өз деңгейінде өтті.

Ағымдағы жылдың 30-сәуірінде аудандық әкімшіліктің мәжіліс залында ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен ардагерлер ұйымы мен аудан жастарының «Алатау жастары» атты форумы өтті. Форум жұмысына аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері, ауылдық округтер кеңесінің төрағалары, аудандық жастар ісі бойынша мамандары, аудандық аналар кеңесінің төрайымы мен ауылдық округтердің жастары қатысты.

Қазір білім, ғылымның заманы. Қайсысы елде білім көп болады, сол елде дамушылық, алға басушылық болады. Болашақтың иелері жасөспірімдердің ойына осы мәселені терең сіңіруіміз керек. Сондықтан осы жиында болашақта жастармен бірлесе жұмыс жүргізу мақсатында ауданымызда «Алатау жастары» атты қоғамдық ұйымын құруға бас қосты. Облыстық «Алатау жастары» ұйы-

мының Жамбыл аудандық филиалының төрағасы болып бірауыздан Жамбыл ауданының маслихат депутаты, жеке кәсіпкер Жүнісов Айдын Серікұлы сайланды. Форумға 35-тей жастар, 24 ардагерлер кеңесінің төрағалары, барлығы 70 адам қатысты.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Ұзынағаш ауылына арнайы келіп, ҰОС ардагері Федер Ковалёвты құттықтады. Ардагермен кездесу барысында өңір басшысы олардың ерлігін ұлықтап, облыс тұрғындарының атынан алғыс айтты. Сондай-ақ, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып, сыйлығын табыстады.

9-мамыр Жеңіс күні мерекесін көпшілікпен бірге Ұзынағаш ауылында атап өттік. Біз сонау сұрапыл соғыс жылдары от пен оқтын ортасында шайқасқан жерлестердің рухына мәңгі тағзым етеміз. Бүгінде ауданымызда ҰОС қатысқан ардагерден жалғыз Ковалев



Федор Мельяновичтың ғана көзі тірі. Сонымен қатар 369 тұл еңбеккерлері бар. Олардың ерлігі мен қажырлы еңбегі, төзімі-жас ұрпаққа өшпес өнеге. Ең бастысы, елімізде тыныштық болсын! Ұрпағымыз бейбіт аспан астында ғұмыр кешсін дейміз.

Аудандық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінде ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «31 мамыр-қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне» орай «Қасіретті тағдыр беттері» атты көрме жасакталды. Кітапханашы З. Максұтова библиографиялық шолу жасап, таныстырды. Шараның алға қойған мақсаты-тарих беттеріндегі қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат

беру, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу, сондай-ақ сол уақытқа тәуелсіз ел ұрпағының көзімен баға беру.

Өткенге ой жіберіп, осы күнге жете алмай, армандап өткен асыл ағаларымызды еске алу, ұмытпау – әрбір ұрпақтың парызы.

Ұзынағаш ауылында құрылғалы бері екі ай уақыт ішінде «Алатау жастары» ұйымы жұмыс өз жалғасын табуда. Ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Отанда қорғау -абыройлы борыш» атты іс шараны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінде өткізді. Шараға ауданымыздың 24 селолық округінің ардагерлер кеңесінің төрағалары, төрайымдары, «Алатау жастары» ұйымының өкілдері қатысты. Бұл әскери бөлімде ақсақалдар жаңа технологиямен танысып, әскердегі жылдарын еске алды. Ал жастар әскер өмірінің қалай болатындығын көріп қайтты. Іс шарада аудан әкімі Нұрлан Ерғас, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы об-



лыстық филиалының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, қорғаныс бөлімінің басшысы Эрнест Жанболатұлы, «Алатау жастары» ұйымының Жамбыл ауданы бойынша филиалының төрағасы Айдын Серікұлы сөз сөйледі. Жалпы шараның әскери бөлімінде өтуінің негізгі мақсаты-жастарды патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Жастардың жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету жолында және ардагерлердің белсенділігін арттыру мақсатында ауданымыздың ардагерлер ұйымының алдында жаңа міндеттер тұр. Демек, осы бағытта жұмыстарымыз жалғаса бермек.

**Батырхан МЕНДЕБАЕВ,**  
Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

### БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

## АТАМДЫ АРДАҚ ТҮТАМЫН



2-бет

## ЕНЕ МЕН КЕЛІН



3-бет

## ШАЛЫС БАСҚАН - ОЛ ДА АДАМ



3-бет

# Атамды ардақ тұтамын

Дөңеленген дүниенің пенде үшін осы кеңістікте өз өлшемі болады. Адам өмірге келеді, сосын қаз тұрып, өсіп-өнуінің сатыларынан өтеді. Ақылы толысады, соңына өшпестей із қалдырады. Әрине, мұның бәрі айтуға оңай. Бір ғана адамның өмір дерегіне көз жүгіртейін... Сонда шақшадай бастан не өтіп, не қойғанын бағамдайсың. Сүйсінетін де, күрсінетін де сәттері бар. Өмір осы-сымен қызық. Әңгімеге арқау етпегім – өзімнің қайын атам – Кемелбеков Кенжебек. Атамның жүріп өткен өмір белестеріне зер салсақ, тәлім мен тағылымға тұнып тұрғандығын байқау қиын емес. Мақтауға емес, мақтауға тұрарлық өнегелі өмір жолы дерсің.

Атам Кемелбеков Кенжебек 1906 жылы Жуалы ауданы 5-ші (Қарасаз) ауылында дүниеге келген. Әкесі Кемелбек (Сарыүйсін руынан) момын, бірақ еңбеккер кісі болыпты. Үлкен ұлдары Досымбек, Тұрсынбек, Пернебектен кейін өмірге Кенжебек, Балабек және қызы Айнакүл келеді. 5 ұл мен 1 қызын ештеден кем етпей өсіруді мақсат еткен әкесі бәрін де ауыл молдасынан оқытады. Бәрінен еті тірілеу Кенжебек 7-ші ауылдық старшыны Тәуірбай баласы Бұзақұл аштырған Хайруллаев Мұстафаның мектебіне барып оқиды. Өз бетінше де талаптануы, есеп-қисап істерімен айналысады, көп балалы отбасына табыс тауып, көмектеседі. 1930 жылы сол ауылдағы Әлібай деген кісінің қызы Шайкүлге үйленеді.

1930-1935 жылдары «Красный пахарь» колхозында есепші болып жұмыс істейді. Колхоз жұмысын атқара жүріп, талабы бар жастардың жолын ашып, оқуға баруына, отбасын құруына қолынан келгенше көмектескен азамат. Мысалы сол ауылдағы жетім бала Қылыбаев Сатарбайды, «Ынтымақ» ауылынан әкесі жоқ Қыдырбаев Сейткерімді, нағашылар жағынан (ешкімі жоқ) Қаржаубаев Естеместі оқуға жібертізіп, ары қарай өмір жолын тандауға әкесіндей көмек еткен. Солардың үшеуі де жоғары білім иесі болып, бәрі де зейнеткерлікке Ұлттық қауіпсіздік комитетінен шықты. Өмірлерінің соңына дейін бізбен туысқандай араласты.

1935-1937 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданында аудандық тұтынушылар одағында жауапты қызмет атқарған атамды өз ауданы Жуалыға шақырып аудандық тұтынушылар қоғамының басшысы етіп тағайындайды. Сол жұмыста 1937 жылдан 1940 жылға дейін істеген. Кезінде аудандағы сауда орындарының дамуына көп еңбек сіңірген, еңбегі үшін Қазақстан тұтынушылар

қоғамынан марапатталған.

Сырттай өз білімін толықтырған, істеген қызметтеріне жауапкершілікпен қарайтын азамат 1940 жылы Жуалы аудандық партия комитетінің I-хатшылығына сайланады.

Токтықта да, аштықта да, лауазымның биігінде де адамдық, азаматтық келбетін жоғалтпаған, қанмен берілген жақсы қасиеттерінен айнымаған, өте қайырымды жанды 1941 жылы соғыс басталғанда, броньмен жұмысында қалдырады. Содан соғыс аяқталып, ел бейбіт өмірге оралғанша 1947 жылға дейін сол қызметте болады. Соғысқа бармай қалғанымен, атам тылдағы халықпен бірге көп қиыншылықтарды жеңеді. Қанша қиын болса да елдің ынтымақ, бірлігін сақтап, адамдар бір-біріне қамқор, мейірімді болуы үшін бар күшін жұмсайды. Қара қағаз келген үйдің адамдарымен бірге жыласып, бірге қайғырады. Жаралы болып майданнан қайтқан азаматтарды ауылмен бірге қуанышпен қарсы алады, жұмысқа орналастырады. Соғыс жүріп жатқан жерлерден келген азербайжан, шешен, балғар, поляк, неміс секілді басқа ұлт өкілдерін күтіп алып, жағдайына қарай ауылдарға жайғастырады. Ата-анасыз келген жетім балаларды әр отбасы бөліп алуларын ұйымдастырады. Өз жерлестері де бір үзім нағна зар болып, бар қиыншылықтарды бастарынан өткеріп жатқанда, бұл жұмыстарды ұйымдастыру атама жеңіл болмайды. Қаншама әйелдер жесір қалып, олардың балалары жетімдік халге түскенде барды бөліп беріп, көңілдеріне қаяу түсірмеуге тырысқан.

Атам туыстық қатынастарға да адами қасиетпен араласыпты. Қайтыс болған ағасы Досымбектің әйелі Марияда 4 бала, Тұрсынбектің (ол соғысқа кеткен) әйелі Пәтима да 2 қыз, Пернебек(соғысқа кеткен) ағасының әйелі Қадияда 1 бала, інісі Балабектің Бактылы дейтін әйелінде 1 қыз бар. Өзінің

3-4 баласымен қоса, сол балалардың барлығына атам қамқор болған. Қарындасы Айнакүлдің жалғыз баласы Қалтай қайтыс болып, ол келіні Зұлпымен және де атамның қолына көшіп келген. Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтың «Жұлдыз» журналына шыққан бір мақаласында соғыстан кейін Жуалыға қызметке келгені, аудан басшысы Кемелбеков Кенжебек күтіп алып, өзіне көрші етіп орналастырғаны, оның 3-4 баласынан бөлек тағы бірнеше бала сол үйде тұратыны жазылған. Туыстарын жинап, үлкен отбасы болып келген Қ.Қайсеновты бірінші күні-ақ қой сойып, ерулікке шақырған. Менің атамның қонақжайлығы, қазақы дәстүрді бұзбай орындайтынын баяндаған.

Атамды 1947-1949 жылдары Алматы жоғары партия мектебінде оқып, оны өте жақсы бітіргенде, Оңтүстік Қазақстан облысына қызметке жіберіледі. 1949-1954 жылдары сол облыстың Түлкібас, Шәуілдір, Сарыағаш аудандарында партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарған.

6-7 балалы үлкен отбасы болған атам өзі сұранып елге келеді. 1954-1958 жылдары Жуалы ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың төрағасы болған. Атам Аманкелді атындағы колхоздың шаруашылығын да, мәдениетін де жоғары дәрежеге көтереді. Аудан, тіпті облыс көлемінде болмаған керемет мәдениет үйін салдырды. Алматыдан арнайы құрылыс мамандарын шақыртып салдырған бұл мәдениет үйі ауданға келетін қонақтарға көрсететін бірден-бір мәдениет ошағы болатын. Соғыстан кейінгі бес жылдықтарда халықтың жағдайы енді көтеріліп келе жатқан кезеңде (1955 жылы) колхозшыларға мұндау сый жасау тек атамның ғана қолынан келді. Мәдениетті көтермей, халықты жұмысқа жұмылдыру мүмкін еместігін білді. Колхоздың егістік жерлері кеңейтіліп, бұрынғы игерілмеген тау етегі егістікке айналды. Бида, арпа, сұлы өнімі жоғарылады. Колхозшылар еңбек-ақысына тонналап астық алып, қамбасын толтырды. Жолдар жөнделіп, электр жарығы орнатылды. Ерен еңбектерін ескеріп, аудан басшылығы атама жеңіл машина



берді. Ол кезде аудан бойынша бірде-бір колхоз, совхоз басшысында жеңіл машина жоқ. Қамбар, Атамбек деген жігіттер сол машинаны кезектесіп айдаятын.

Мәскеудегі Бүкілодақтың шаруашылық көрмесіне барып, алтын медаль алып қайтты. Көп жылғы тәжірибесі бар атамды шаруашылығы нашарлаған «Путь коммунизма» колхозына бастық етіп ауыстырды. Бұл 1958 жылдың күзі, менің сол үйге келін болып түскен кезім. Ата-енем үлкен үйді бізге тастап, жастау балалары Бакытбек, Күлзина, Нұрланды алып кетті. Қайным Арыстан мен қайын сіңілім Айнықша Алматыда институтта оқиды. Қолымызда 8-сыныпта оқитын Ахмет қайным ғана бар. Мен ауылдағы мектептемін, жолдасым ауданда істейді, аудандық комсомол комитетінің хатшысы, күнде барып келеді.

2 жылдан кейін атам біздің жағдайымызды ойлап, Бурнодан бізге үй сатып әперді де, өзі ауылға қайтып келді. «Зейнеткерлікке жақындадым, әрі балаларымды туыстар ортасында өсірейін» деп, Кременевка (Шақпақ ата) селолық советінің төрағасы қызметіне ауысты. Сол кезде атамның орынбасары болып Сүгіров Сейітбек, қазіргі Алматы облыстық Ардагерлер Кеңесі төрағасының орынбаса-

ры Сүгіров Илияс Сейтбекұлының әкесі істеді.

1963 жылдың 6 қарашасында атам көлік апатынан қайтыс болды. Ахмет қайным сол жылы ғана

Алматыдағы байланыс техникасына түскен еді.

Атаммен мен білгелі өзінің өмірлік принциптерінен ешуақытта айныған емес. Олар-қарапайым ғана, бірақ көп адам ұстана алмайтын ұстанымдар. Себебі, әркім биік мансап, бақ-дәулетті, айналасы көрсететін көшемет-құрметті көтере алмай қалады. Ал менің атам осының бәрін көрді, бірақ айнымады, өйткені атамның өмірінде айнымай ұстансам деген өз жолы бар. Алғаш көрген кісінің өзі атамның тұлға-тұрпатынан, жүріс-тұрысынан, тіпті сөйлеген сөзінен тегін адам емес екенін бірден сезетін.

Адамның адам болып қалыптасуына, өсіп-өнуіне оның ортасының, аралас-құралас адамдары мен сыйласқан кісілерінің көп әсер ететіні рас. Атам талай мықтымен араласып, сыйласты. Бұл-бір есепке құрылған емес, сыйластыққа, қимастыққа негізделген достық.

Осындай сыйлас, дос болған кісілердің арасында аты аңызға айналған Бауыржан батыр, менің ағам Құрманбек Сағындықов, Еркінбек Сауранбеков, бұдан басқа да аттары аталмаған қаншама кісілер бар. Бауыржан Момышұлының соғыс кезінің өзінде елге келгенде күтіп алатын, сый-құрметке бөлейтін атам, өмірінің соңына дейін сыйласып өтті. Батырдың баласы Бакытжанды өз баласындай көрді, жыл сайын жазда оны демалуға шақырып алатын. Ал ағам Құрманбекпен сыйластығы сондай, мен «Оқуымды аяқтаймын, қазір тұрмыс құрғым келмейді» дегенімде ағам «Олар той күнін белгілеп қойыпты, досымды ел алдында ұятқа қалдырма. Егер Кенжекең асыл жарым Сараны сұраса да берер едім» дегенде, айтқанына көніп, сол кісіге келін болғанмын. Қазір өміріме өкінбеймін, бақыттымын. Атамды әрқашан ардақ тұтып, балаларыма, немере, шөберелеріме үлгі етіп отырамын.

**К. ПАРМАШҚЫЗЫ,**  
Алматы облысының және  
Жамбыл ауданының  
құрметті азаматы.

# ...ТАЛ ҚАЛҒАНША МАЛ ҚАЛСЫН

Қашан көрсен де сергек жүретін көпті көрген көне көз қария Ілехан атамды бала кезімнен жақсы білетін едім. Ағасы Ілебай Тастанұлы Темірлік ауылында өмірінің соңына дейін ауыл фельдшері қызметін атқарды. Ағасының үлгісін алған Ілехан Тастанов атамды үлкендердің ақ батасын алып, үлкенге аға, кішіге аға бола білді. Жастығын Кеген ауылында кеңестік дәуірімен тұспа тұс келгенін әңгімеге тартқанымызда білдік. Кегеннің көркеюіне бір кісідей үлесі барын, қазіргі Райымбек даңғылы (Алматы көшесі) Қонаев көшесіндегі жайқалып өсіп тұрған ағаштар комхозда еңбек етіп жүрген кезінде еңбеккерлермен бірге екенін өз аузынан естідік. «Қызыл ту» қой совхозына қарасты парк ағаштары түбегейлі қараусыздан жойылып кеткені жүректі сыздатады» дейді Ілехан атам. Расында, бала күнімізде ағаштардың саясында отырып дем алатын едік, жанында мәдениет үйі болатын.

Ілехан атамды 17 жасында Зейнехан Әкімханқызымен отау құрыпты. Қазір Зейнехан апамыз 81 жаста екен. Ұрпағынан 19 немере, 28 шөбере сүйген бұтағын кеңге жайған үлгі отбасы. Ұл-қыз келіндері әр түрлі салада еңбек етіп, отанға деген ықылас сүйіспеншілігін өнеге етіп келеді. 2020 жылы ауыл әкімінің заңдастырылған шешімімен Кеген өзені жағалауынан 1 гектар жерге мың түп ағаш көшетін отырғызыпты. Бүгінгі таңда өскінді көзімізбен көріп таңғалысымызды

жасырмадық. Біктеп өскен ағаштар 3-4 метр биіктікке көтеріліпті, үлкендер айтып отырушы еді. 1950 жылдары Кеген өзенінен бөгет жасап құйғанға дейін бес көл бой көтеріп, балық шаруашылығы өркендеген екен. Сол үрдісті ұмытпаған Ілехан атамды бақ өсіріп бақбаншы атаныпты. Тал теректің тұқымын Қырғыз елінен және Түркістан облысынан әкелген ағаштары Кеген жағалауында жайқалып тұр. Күтіп баптап өсіру екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс екені белгілі. Кейбір



тал терегі төрт жылда 11-12 метр биіктікке көтеріліпті. Олай биіктеуі тұқымы өзгешелеу болған шығар.

«Неге алма ағаштарын екепедіңіз?» деген сұрағымызға Ілехан атамды өмірдің суықтығы, жеміс ағашын өсірмейтінін айтты. Ілехан атамды ағаштардың қамарлығы сонша, жасы сексеннен ассада жұмыр тұяқты тұлпарды еркін мінетіні бізді тағы да таң қалдырды. «Деніңізге саулық тілейміз» деуден артық еш нәрсе айтпадық. Ауданымызда ұлттық ат спорт ойындары, күн өткен сайын дамып, қыз қуу, аударыспақ, көкпар, жамбы ілу спортының біртіндеп дамып келе жатқанын жасырмады. Ауыл ауылда таза қанды тұлпарлар баптап, аламан бәйгені алдын бермей жүрген азаматтар көптеп табылатынын білдік. «Ат тұяғын тай басар» демекші, өркен жайып ат құлағында өнер көрсетіп жүрген шабандоздарға үлкендік ақ батасын беріп жүрген ағамызға амандық саулық тіледік. Шағын әңгімемізді отанымыздың өркендеуіне өз үлесін қосқан Ілехан атамды «атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөзімен аяқтадық.

**Нұрболат ТАСТАНҚҰЛОВ,**  
Кеген ауданы.

Ардагерлер кеңесі



КЕЗЕКТІ  
ОТЫРЫС  
БОЛЫП ӨТТІ

Маусым айының 24-і күні Жапек батыр ауылында орналасқан ардагерлер үйінде ардагерлер кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Отырыста кеңес мүшелерінің «Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес» және «Медиация туралы» заңдарына байланысты баяндамалары тыңдалып, талқыланды. Қаралған мәселелерден бөлек осы отырыс барысында «Дәнекер» жобасына сәйкес бітімгерлер (медиаторлар) құрамы да бекітілді. Оның құрамына зейнеткер, кәсіби заңгер Нұрпейіс Төкен Өміртайұлы, зейнеткер, ауданның Құрметті азаматы Бақтыбаев Рүстем Қожанәпесұлы, аналар кеңесінің төрайымы Құлымбаева Гүлжан Дәуітқұлқызы кірді. Сондай-ақ келешекте атқарылар жұмыстың міндеттері де сөз болды.

Д.ЖАМАЛБЕКОВ,  
Ащыбұлақ ауылдық округі  
ардагерлер кеңесінің төрағасы.  
Іле ауданы.

Өмір деген...

ШАЛЫС БАСҚАН-ОЛ ДА АДАМ

Алла тағала, жаратушы иеміз бәрімізді бірдей жаратады. Әр адамның туа салғанда пешенесіне не жазылды. Оны біз білмейміз. Әр адам өзінше өмір сүреді. «Пай, пай, Өмір! Өтесің – ау бір күні. Тиясың – ау қуанышты, күлкіні. Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай, Өмір деген – көк аспанның күркүрі. Пай, пай, Өмір! Өтесің – ау бір күні» деп, ақиық ақын М.Мақатаев айтқандай, өмір өте береді. Өмірде жақсы да, жаман да оқиғалар кездеседі. Адамдар осы өмірде талай қиыншылық көреді, «тар жол, тайғақ кешу де» болады. Абайсызда шалыс басып, абақтыға қамалып, өмірден түңіліп кететін кездер өте көп. «Барлық жерде бір – бірімізге кешірімді бола білейік!» деп мен адамдарға айтқан болар едім.

Мен мұғалім болып жүргенде бір оқушым көршісінің баласының ойыншық машинасын ұрлап, сол кездегі «милицияға» ұсталды. Оқушымы есепке алып, ата-анасын көршісі өбден шырдыдатты. Жап – жақсы оқып жүрген баланың өмірі быт-шыт болды. Қазіргі өмірі жайлы сыныптастарынан сұрадым, араққа әуес болып кеткен, бірнеше рет үйленіп, ажырасқан, істеген жұмысы жоқ, далада қаңғып қалған. Сол кезде көрші кешіре салғанда бұл оқушы қазіргідей күйге түспес еді.

Адамдардың бәрінің өмірі «тақтайдай» түзу емес. Өмірдің бұралаңы өте көп. Қоғамда тәртіп әлсіреп, тұрмыс тауқыметі күшейген заманда жастар алыпсатарлыққа, жанын қинамай ақша табуға әуес болу, есірткі саудасына құмар болу етек алуда.

Жастардың арасында түрмеге түсу көбейіп кетті. Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша ҚАЗЖ департаментінің Ұйғыр аудандық ПҚ-нің бастығы, әділет майоры Н.Ш. Таипованың айтуы бойынша Ұйғыр аудандық пробацзия қызметінің есебінде ағымдағы жылдың сәуір айы бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түріне сотталып, есептен өткен 84 адам. Бүгінгі күнге есепте 49 адам тұрады. Жаза түрлері бойынша бүгінгі күнге шартты түрде жазаға тартылған 11 сотталған

Отбасылық құндылық

ЕНЕ МЕН КЕЛІН

Жуырда Райымбек аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында аудандық Аналар кеңесі және аудандық «Ішкі саясат бөлімі» ММ ұйымдастыруымен «Ене, қыз, келін» атты тағылымды шара өткізілді.

Аталған шара ене мен қыз, келін арасындағы сыйласымды қарым-қатынасты дамыту, сол арқылы ұрпаққа үлгі-өнеге көрсету, отбасы құндылықтарын дәріптей отырып, халқымыздың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерін қайта түлетуі, аталған тұлғалардың отбасының ұйтқысы екендігін насихаттау болып табылды. Сайыс түрінде өткен шараға әр ауылдық округтен бір-бір отбасының, немесе бір әулеттің мүшелері қатысты. Олар «Мен-қазақтың анасымын, қызымын, келінімін», «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым» атты тақырыптар бойынша өнерлерін ортаға салды. Әрқайсысы өздерін жандарынан құраған өлең жолдары арқылы таныстырып, ене мен келін, қыздың отбасындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты алатын орнын, қадір-қасиетін ұлттық нақыштағы сахналық қойылымдар арқылы көрерменге ұсынды. Өздері жасап әкелген ою-өрнекпен әдіптелген сырқак көрпе, жастық, көпшік сияқты ұлттық қол өнер бұйымдары мен балды бармақтарымен жасаған дәмі тіл үйретін ұлттық тағамдарын көрмеге шығарып, көпшіліктің таным таразысына салды. Сайыскерлерге аудандық аналар кеңесінің төрағасы Балжан Омарова бастаған қазылар алқасы әділ төрелік жасады. Сайысқа қатысушылардың өнерлері белгілі бір уақыт шегінде балдық жүйемен бағаланды.

Тағылымды шара барысында

ененің қыз бен келінге айтар ақыл-кеңесі, отбасының береке-бірлігін сақтаудағы білім-білігі мен өмірден көрген-түйгендерін көрсететін үлгі-өнегесі, келін мен қайынбике, қайын сіңлі арасындағы сыйластық, жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, жамандықтардан аулақ болу, ырым, тыйымдарға айрықша ден қою сияқты құндылықтар сахналық шағын қойылымдар арқылы көрініс тапты. «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!», «Қызға қырық үйден тыю», «Әйел – отбасының берекесі мен мерекесі, алтын дінгегі», «Қыздың бағы – түзден», «Үлкенге-ізет, кішіге-құрмет», «Бата беру», «Сәлем салу», қонақ күту сияқты ежелден қалыптасқан ұлағатты ұғымдардың мән-маңызын барынша ұғынықты жеткізуге тырысты. Келін түсіру, келінді төркіндету, қыз ұзату сияқты ұлттық дәстүрде ана мен ененің атқаратын рөлі де қойылымдардың өн бойына өрнек болды. Сайысқа қатысушылар ене, қыз, келінге қатысты ситуациялық сұрақтарға өз ойларын ортаға сала отырып жауап берді. Шара барысында үміткерлердің қаншалықты дайындықпен келгендігі, жетістік-кемшілік көрермендердің де, қазылар алқасының да назарынан тыс қалған жоқ. Бұл жөнінде шараға қазылық жасаған Ішкі саясат бөлімінің басшысы Жәмилә Қоқымбаева мен аудандық аналар кеңесінің төрағасы Балжан Омарова ойларымен бөлісті. Алдағы уақытта да ұлттық мүддеге

қатысты мұндай шаралар жалғасын табатынын, оған қатысушылар жан-жақты дайындықпен келулерін ескертті.

Сайыстың қорытындысы бойынша Нарынқол ауылынан қатысқан «Ыстық ұя» отбасы шараның шарттарына жоғары дайындықпен келгендерін байқатып, жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Ұлттық дәстүрді насихаттауға барынша мүдделілік танытқан Жамбыл ауылының «Шуақ» атты отбасы екінші орынды иеленсе, Шалқоде ауылынан келген Құтпанбаевтар әулетінің мүшелері үшінші орыннан көрінді. Сарыжаздық Нәсеновтер, текестік Байсақаловтар, қайнарлық Әкебаевтар,

мен келіндер аудандық «Ішкі саясат бөлімінің» дәрежелі дипломдары мен мақтау қағаздарына, арнайы жүлделер мен заттай сыйлықтарға ие болды.

Заман алға озып, уақыттың тағмыр соғысы сан құбылып тұрған бүгінгі таңда ағайыншылық, үлкендер мен жастар, әке мен шеше, ене мен келін, қыз бен жеңге ара-сындағы сыйласымды қарым-қатынас, мейірім, қайырым, сүйіспеншілік, бауырмалдық сияқты адами құндылықтар алаңдаушылық туғырып отырғаны жасырын емес. Мұндай кереғарлық ұрпақ тәрбиесінің құнсыздануына, жастар арасында қылмысты оқиғалар белең алып, ажырасу секілді ұлттымызға



сүмбелік Сайрабековтер отбасының өнерлері де байқау талабын қанағаттандырып, ынталандыру жұлделеріне ие болды. Жекелеген командалар мен Тұрған Ақсақалова, Құлпара Жүнісбаева, Құралай Жексенбаева, Баян Еркінқызы, Кәусар Болатқан, Гүлбағда, Баян, Әлия Мекешевалар, Айгерім Сәулет, Гүлжан Нұрбақыт, Гүлшат Тәжіғұлова сияқты ежелер, қыздар

жат әдеттердің өмірімізге дендеп енуіне жол ашып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Көзге қораш, көңілге кірбің ұялататын осындай келеңсіздіктерге тосқауыл қою мақсатында осындай шаралар жиі ұйымдастырылса, оның тағылымы да мол болатынын айтқан орынды.

Жұмабек ТӘЛШҰЛЫ,  
Райымбек ауданы.



2024 жылы ақпан айы бойынша пробацция есебінде тұрған сотталғандар Ұйғыр ауданының мансап орталығы арқылы, әлеуметтік – құқықтық көмектер көрсету жұмыстары жүргізілді, атап айтқанда, бүгінгі күнге 9 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Өзін-өзі жұмыспен қамтушы ретінде 19 адам жұмыс істейді. Жұмыссыздар саны 5 адамды құрайды. Облыс әкімінің 05.12. 2023 жылғы қаулы-

сымен «OtanGreenfood» құс фабрикасына 0.25% пайыздық квота белгіленген, яғни 2 жұмыс орны, ТОО «Прима Құс» құс фабрикасына 0.5% пайыздық квота белгіленген, яғни 2 жұмыс орны белгіленді. Бүгінгі күнге квотамен бөлінген орындарға 6 сотталған адам орналастырылды, яғни 5 адам «OtanGreenfood» құс фабрикасына және 1 адам ТОО «Прима Құс» құс фабрикасына орналастырылды.

Бүгінгі күнге пробацция қызметінің есебінде тұратын 2 сотталған адамға мемлекет тарапынан бөлінген «Біржолғы әлеуметтік көмек» алу бойынша көмек көрсетілді, әрқайсысы 55380 теңгеден алды, 2024 жылға жалпы 831000 теңге бөлінген.

Ұйғыр ауданының орталық ауруханасына пробацция қызметінің есебінде тұратын сотталғандарға психологиялық және дәрігерлік көмектер көрсету үшін ай сайын есепте тұрған сотталғандар тізімі мәлімет үшін жолданып отырады.

Бүгінгі күнде пробацция есебінде тұрған сотталғандардың барлығына дәрігерлік көмектер көрсетіліп, психолог маманның көмегі тұрақты түрде беріледі.

Қайсы ата – ана баласына жаман болсын дейді. Бәрі ұл мен қыздан үміт күтеді. Ішімдік пен есірткі араласып, халқымыздың ежелден қатты қастерлейтін ата – ананы, үлкенді, әйелді, қызды сыйлау, қадірлеу сияқты дәстүрлер құнсызданып кетті. Ел егемен алды, тілімізге мәртебе тиді, ұмыт болған салт – дәстүр қайта жаңғырды. Кейде болашақ балаларға сенім жоғалып кеткендей боп тұрады. Ұлы Абай «ақырын жүріп, анық бас» деп айтып кеткен. Ақырын жүріп аңдап басайық! Тәртіп бар жерде береке, тірлік бар.

Адам баласы өте қызық қой. Түрмеден қайтып келген ұлдарымыз бен қыздарымызға «халық жауы»

ретінде қарап, қоғамнан, өз ортамыздан шеттетіп тұрамыз. Ол дұрыс емес. Өмірде жаңылмайтын жақ, жаңылыспайтын тұяқ жоқ. «Ол сотталған», «түрмеде болған» деп кемсіту керек емес. Бар дүниеде, байлығы тасыған жерде жүрген адамдар да қылмыс жасайды. Ол – өмір заңы. Кейде адамдар жоқшылықтан да қылмысқа баруы мүмкін. Бір кездерде адамдарға ілесіп, ақыл тоқтата алмай, бір топқа қосылып, қылмысқа баруы да кездеседі.

Осыдан біраз жыл бұрын өзіміздің мектепте жақсы оқыған, үлгілі отбасынан шыққан оқушым ұрлық жасаған топқа қосылып, түрмеге отырып қайтты. «Айран ішкендер құтылып, шелек жалаған тұтылып», талай «аңқаулар» қылмысқа ұрынып қалады. Оқушымен кездесіп, көп сөйлестім, жан дүниесін, ішкі сырын айтты. Жаным қатты ашып кетті, бірден көмектесуді қолға алдым. Адамға жақсылық жасасаң, алладан қайтады. Оқушымы жұмысқа кіргіздім, қазір өз кәсібін дөңгелетіп жүр.

Түрмеден келгендерді «ол отырып келген» деп кемсіте берсек, оның өмірі быт-шыт болады. Адамның басына не келіп, не кетпейді?! Өмір үнемі сынақтан тұрады. Ертен не болатынын біз білмейміз. Адамдар арасында адасу, өмірде жаңылысу болады. Сол кезде, өз уақытында ақыл айту, көмек беру – біздің парызымыз. Кеудесінен итеріп, қайтадан бұзақылыққа итермелеу дұрыс емес, ел боп, жұрт боп тәрбие беруге тиіспіз.

Адам өмірі бұралаң жол сияқты. Сол жолда адаспайық. Біз жақсылы, жаманды өмір сүрдік. Болашақ ұрпақ тәрбиелі болса екен. Жастар жаппай имандылыққа бет бұрған. Кейде соған қуанам. Арақ ішетіндер азайған. Салауатты өмір салтын ұстанғандар саны көбейіп келеді. Ұрпағымыз, болашағымыз азғын болмаса екен. Әке-шеше баласын жаман болсын демейді. Әр балаға сана берсін.

Рая ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ,  
Ұйғыр аудандық әжелер алқасының төрайымы.

## Жыр жолдары

### Кім білмес

#### Соқпақбаев Бердібекті?!

Кім білмес Соқпақбаев Бердібекті?!  
Демейміз ол өмірге келді – кетті ...  
Тәлейі үшін тағдырмен тайталасып,  
Еңсесін түсірместен ерлік етті!

Таныын деп қолыма тарихты алдым,  
Көш керуен...

Бекенді танып қалдым!  
Адасып арманымнан қалмайын деп,  
Артынан ерген екен алыптарды...

Бір кезде Бердібек те бала болған  
Есіл – дерті ойнайтын дала болған.  
Көргенін көңіліне түйіп жүріп,  
Ержеткенде қолына қалам алған.

Қашан да өмір – бақыт, өлім – қайғы,  
Тірлікті іздемеңгі жеңіл, жайлы.  
Тек қана саясаттан сәл жасқанып,  
Ақиқатты айта алмай көп ымдайды...

Деді ме, тұрмыс төмен кез ғой десін,  
Атын бүркеп...

Киіпті «сөз жейдесін»  
Азып – тозып жетімдік көргенімен,  
Өшпейтіндей қалдырған өз бейнесін.

Уақыт қайырылмайтын қандай «зәлім»,  
Сананда сағыныш боп самғайды әнің.  
Бекен де тамсанумен жазып кеткен,  
Тата алмай балалықтың балдай дәмін...

### Қу тірлік!

Қуанышы аз, азабы көп,  
Ешкім іштей айта алмас «тазамын» деп.  
Жазушының, алайда, жайы бөлек,  
Ол-оның мойнындағы таза міндет!!!

Білектерін сүп – суық темір қажап,  
Өтті ғой бұл өмірден небір қазақ.  
Адамдыққа жетуің оңай емес,  
Өмір сүру дегенің көңілді – азап!

Беделді болмасаң да белсенді едің,  
Біреулер басқаша айтса, мен сенбедім.  
Өйткені, ойларыңнан аңғардым мен,  
Өнегелі өмірдің өлшемдерін.

### Бермейік асыл жанның мінін іздей...

Әркімнің әр түрлі ғой табысы да,  
Әркімнің әр түрлі ғой намысы да.  
Біреу шыдап, біреулер шыдамаған,  
Өмірдің адуынды ағысына.

Адамдардан қорынып бірге жүрген,  
Жылағаны көп екен күлгенінен.  
Қоғамның қолтығына қорғала алмай,  
Өмір сүрген өзінің білгенімен.

Болған ғой мінезі де аса қызық,  
Еріксіз дегендейсің «жаса бұзық»  
Күлдіргі әңгіме айтса күлдіреді,  
Парлатып, екі көзден жас ағызып.

Бермейік асыл жанның мінін іздей,  
Жамандыққа жаны қас – дінімиздей!  
Ал, енді, шығармасын жазған кезде,  
Ойы – орман,

көңілі – көл,  
тілі – біздей!!!



### Бекеннің жаны жұмсақ, мұны майда

Бекеннің жаны жұмсақ, мұны майда,  
Артынан еретігін іні қайда?!  
Күн шықса жан бағады нәпәқа іздеп,  
Түн басса ел кезеді мініп Айға!

Көп болды ол кеткелі айран да ішпей,  
Көп болды құйып қойған шайдан да ішпей.  
Арманын іздеп тауып алды ма екен,  
Қойды ғой, көп телміртіп Айдан түспей.

Ой мен мұннан тұратын қайран, Бақыт,  
Ойласаң жанды жейді жайлап жатып!  
Келе ме, келмей ме екен мерей тойға,  
«Желмая» мініп алып тайрандатып...

### Монолог

Жақсы болып көрмедім,  
Жаман болып өлмедім.  
Қуанғанда көл дедім,  
Қуарғанда шөлдедім.

Сүріндім талай құламай,  
Жұбанып жүрдім жыламай.  
Біреулерге ұнасам,  
Біреулерге ұнамай.  
Құлдық ұрдым құдайға,  
Бір жеңілдік сұрамай.

Еске түссе «Қостөбем»,  
Түсіме енер дос деген.  
Бес – алты үйлі «Қостөбе»,  
Ойпырмай, неғып өспеген?!  
Көзімде тұр ғой сурет боп  
Көңлімнен әлі өшпеген...

### Менің айтарым

Тыңдасақ айтатығын әні бөлек,  
Ойының түйіндеген мәні бөлек,  
Болмысы, табиғаты, жаны бөлек,  
Санасы, сүйенетін заңы бөлек,  
Оқыған оқырманы ойлансын деп,  
Беріпті ойындағы барын «елеп».  
Қазіргі алмағайып заманда да,  
Қазаққа өзіңіздей дарын керек!!!

Даниял ӘМЕТҰЛЫ.  
Еңбекшіқазақ ауданы.

## Шахматы

На днях в Доме культуры Талгарского района прошли товарищеские встречи между Талгарским и Карасайским районами по шахматам среди команд с участниками в возрасте «до 18» и «от 18 до 62» лет.

## ТУРНИР СРЕДИ МОЛОДЕЖИ И ВЕТЕРАНОВ ВЫЯВИЛ СИЛЬНЕЙШИХ



Выявляли сильнейших и среди ветеранов, чей возраст «свыше 63!» Как сообщил нам судья соревнований Кырлыгаш Сейтов - места распределились следующим образом: в категории «до 18 лет» победу одержал Талгарский район (28-21 очков); в категории «от 18 до 62 лет» по очкам (25,5 - 23,5) одержал Карасайский район.

В категории «среди ветеранов» (в возрасте «свыше 63 лет!») победу по очкам (34 -13) праздновали опять карасайцы.

В турнире принял участие и вручал награды победителям председатель Алматинского областного филиала Федерации шахмат Казахстана Сарсенгали Джанкуатов.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,  
Талгарский район



## Ойда жүрер дүние

# КӘРІЛІКТІҢ ЕМІ-КӨҢІЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫНДА

Алпыстан асқан бір-екі адам сексенге келудің сыры неде екенін, кәріліктің емі не екенін білу үшін сексеннен асқан қарияға келіпті. Ол кісі «Кәріліктің емін мен айтқаннан гөрі ұзақ жасап, тоқсаннан асқан ағам бар, сол айтсын, көпті көрген ғой, сол кісі айтар» деп, ағасына жіберіпті.

Екеуі ағасына келіпті. - О, қонақ келді, төрлетіндер!-деп, қария кісі қонақжайлылық танытыпты. Келгендер шаруаларының жөнін жеткізген екен.

- Е, ол сауалдарыңа жауап берермін, алдымен жайғасыңдар!-депті де, сексеннен асқан кемпіріне қарап,-Кемпір, ана шатырдың астында қауын бар, соны қонақтарға алып кел!-деп, кемпірін жұмсапты. Кемпірі балпаң басып, шалының айтқан қауынын көтеріп келіпті.

Ақсақал қауынды қолымен ұстап тұрып,-Кемпір-ау, бұл әкелген қауыныңа күннің көзі түспеген, көктеу, күннің көзі түскенінен әкел-депті. Кемпірі үндемей барып екінші қауынды алып келіпті. Ақсақалы «бұл қауын да емес, кайта барып, дұрысынан таңдап әкел» деп, кемпірін үшінші рет жұмсапты. Осы жолы әкелген қауынын көріп:-Е, мынауың енді дұрыс екен!-деп, қауынды жарып, қонақтарын сыйлапты.

Келген қонақтар сөз арасында ақсақалға қойған бағанағы сауалдарын қайта қойыпты.

- Енді жауабымды айтайын. Өздерің көріп отырсындар, сексеннен асқан кемпірімді қауын әкелуге үш рет жұмсадым. «Қыңқ етпей», ренжімей, «шалымның айтқанын жасап жаттырмай» деп, үш рет барып келді. Шалының айтқанын істегеніме кемпірім маз. Сендердің алдарында кемпіріме сөзім өтетінін дәлелдеп, айтқанымды істеткеніме мен мәзбін. Сендерді құрметтеп, қауынның тәуірін жегізгеніме сендер мәзсіңдер. Жасырмай айтайын, шын мәнінде үйде бір ғана қауын бар еді.

Кәрілікте көңілді аулайтын бір ғана нәрсе бар. Ол-өзара түсіністік. Бір-бірімен жағала-сып, беттен алып, қарсы шыққан-дүниенің бір

қорлығы. Одан жегенің желім, ішкенің ірің болады. Жетім болған жүйкең ғұмыр жасынды құртша кеміреді. Кәріліктің емі көңілдің тыныштығында. Көңіл тыныш болса, ғұмыр жасың да ұзақ болады. Балаларыңның барлығы саған ешнәрссесін бөліп бермей-ақ өздерімен өздері болып, өз қотырларын өздері қасып, жаман аттарын естіртпесе, көңілдің тыныштығы деген-осы. Ал көңіл тыныш болса жүрекке салмақ түспейді. Ұзақ жасауға мүмкіндік бар деген сөз.

Балаларым менен «не жақсылық жасайық?!» деп сұрайды. «Маған жасаған жақсылықтарын сол, жаманшылықтарынды естіртпей, жүрегіме салмақ салмаңдар» деймін мен. Тағы да қайталап айтайын, кәріліктің емі-көңілдің тыныштығында.

Дайындаған  
Алтынбай СИҚЫМБЕК.

АЛАТАУ  
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
«Ардагер ұйымы»  
Республикалық қоғамдық  
бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
Директор:  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сиқымбек  
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200  
Тапсырыс №1140  
Индексі – 65472.